

№8 «Қызғалдақ» бөбекжай-бақшасында 2024 жылдың 13 желтоқсан күні жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалармен жүйелі жұмыстар жүргізу, қамқоршылық кеңес мақсатында өткен жиналыстың

№2 хаттамасы

Күн тәртібінде:

1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету, педагогтармен бірлескен жұмыс.
2. Бақша қаражатынан тыс балаларға арналған ойыншықтармен қамтамасыз етуге демеушілікке шағын кәсіпкерлерді тарту

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі бірінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша меңгеруші А.Задаева сөз алды.

№8 «Қызғалдақ» балабақшасының қамқоршылық кеңес жұмыс жоспарына сәйкес жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету жоспарланған болатын. Осыған байланысты жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету, педагогтармен бірлескен жұмыстар атқарылып, ақшалай және материалдық көмек жасалынды.

Шығып сөйлеуші бөбекжай-бақша тәрбиешісі К.Жүнісова:

Қайырымдылық – адам бойындағы асыл қасиеттерінің бірі саналады. Өйткені, көмекті қажет етушілерге білдірілетін сүйіспеншілік пен нақты көмек көрінісі осы қасиет арқылы байқалады. Мұқтаж жандарға жақсылық жасау – бұл адам баласының ең ізгі амалы. Сондықтан жақсылыққа жаны құмар жандар өмірдегі бақытты адамдар екені анық. Бүгінгі ұйымдастырылып отырған қайырымдылыққа, барлық балабақша ұжымы толық қатысып, қолдан келетін көмекті беруге дайынбыз.

Күн тәртібіндегі екінші мәселе бойынша бөбекжай-бақша әдіскері А.Мұратова сөз алды.

«Еліміздің ертені бүгінгі жас ұрпақтың қолында, ал жас ұрпақтың тағдыры ұстаздардың қолында» (Н. Ә. Назарбаев)

Қазіргі өмірдің өзінен туындап отырған талаптарды орындау, жанашылдыққа жаршы болу үзіліссіз тәрбие негізінің бастау бұлағы - мектепке дейінгі ұйымдардан басталған орынды. Бала тәрбиесі отбасынан бастау алады десек те, ғылымға негізделген әдіс - тәсілмен берілетін тәлім – тәрбие ісі көбінесе балабақшадан басталып, жан - жақты педагогикалық өрісін табады. Әсіресе балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы ізгілікті, мағынасына өшпейтін із қалдырады. Баланы мектеп алды даярлау үздіксіз білім беру жүйесіндегі маңызы мен өзектілігі ерекше мәселелердің бірі болып саналады. Сонымен қатар, мектепке дейінгі мекемелерде инновациялық білім беру құралдарын қолданудың да маңызы зор. Инновациялық білім беру құралдарына: аудио, видео, құралдар, компьютер, интерактивті такта, интернет, мультимедиялық құрал, электрондық оқулықтар, мен оқу әдістемелік кешендер, инновациялық ақпараттық банк, инновациялық сайт және тағы басқалары жатады. Қазіргі таңда көптеген интерактивті бағдарламалық бөлімдер, қозғалмалы объектілер құруға мүмкіндік беретін векторлық және графикалық жабдықтар көптеп шығып, қолданыс табуда. Осындай құралдардың бірі - электронды оқулықтарды бөбекжай-бақшаларда кеңінен пайдалану. Бұл жағдайда тәрбиеші әр оқу іс - әрекеттерін бастар алдында жиі көрнекіліктер ауыстырмаған болар еді. Ал, электронды оқулықтар арқылы тәрбиеші уақытты тиімді және ұтымды пайдаланар еді.

Шығып сөйлеуші жеке кәсіпкер Д.Алмағамбетов:

Күн тәртібіндегі мәселені тыңдай келе жиналыс қаулы етеді.

1. Жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек көрсету жалғасын тапсын
2. Бақша қаражатынан тыс балаларға арналған ойыншықтармен қамтамасыз етуге демеушілікке шағын кәсіпкерлер тартылсын.



А. Муратова